

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығының кейбір мәселелері

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 тамыздағы N 897 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 шілдедегі № 597 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.07.2015 № 597 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 тамыздағы N 983 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 33, 311-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығын беру жөніндегі комиссия туралы ережеде:

1-тармақтың екінші абзацындағы ", ақпарат және қоғамдық келісім" деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақтың үшінші абзацындағы "17" деген сан "28" деген санмен ауыстырылсын.

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.08.22. N 797 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығының кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 1038 қаулысы 2-тармағының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 30, 335-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 6 т а м ы з д а ғ ы

№ 897 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" мемлекеттік жастар
сыйлығын беру жөніндегі комиссияның
құрамы**

Ескерту. Құрамның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.08.22. № 797 (қаулы
алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң
қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК